

Уфа Меңдібайұлы Ахмедсафиннің туғанына 100 жыл толуына дайындық және оны өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1075 Қаулысы

«Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі № 1465 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының көрнекті ғалым гидрогеологы, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері Уфа Меңдібайұлы Ахмедсафиннің туғанына 100 жыл толуына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. «2012-2014 жылдары республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 3-өөкіміне мынадай толықтыру енгізілсін: көрсетілген өкіммен бекітілген 2012-2014 жылдары республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі: мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8-1-жолмен толықтырылсын:

«

8-1.	Уфа Меңдібайұлы Ахмедсафиннің 100 жылдығы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ, Алматы қаласының әкімдігі	2012 жыл
------	---	---	--------------------------------	----------

».

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 3 т а м ы з д а ғ ы
№ 1 0 7 5 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Уфа Меңдібайұлы Ахмедсафиннің туғанына 100 жыл толуына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның Атауы	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көздері	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6

1	У.М.Ахмедсафиннің ғылыми суретті библиографиясын басып шығару	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	2012 жылғы маусым-тамыз	«Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамының және «У.М.Ахмедсафин атындағы гидрогеология және геозкология институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жеке қаражаты	300,0
2	У.М.Ахмедсафиннің 100 жылдығына арналған халықаралық конференцияны ұйымдастыру және өткізу. Конференция қорытындылары бойынша материалдар жинағын басып шығару	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	2012 жылғы қаңтар-қыркүйек	«Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамының және «У.М.Ахмедсафин атындағы гидрогеология және геозкология институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жеке қаражаты	4 660,0
				Барлығы	4 960,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК